

## Тараз қаласында иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау Қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы мәслихатының 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 20-8 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 қаңтарда № 2107 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылғы 7 қазандағы № 5-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылған – Жамбыл облыстық мәслихатының 07.10.2016 № 5-10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "2001 жылғы 30 қаңтардағы" деген сөздер "2014 жылғы 5 шілдедегі" ауыстырылды – Жамбыл облыстық мәслихатының 26.03.2015 № 35-11 шешімімен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-2 тармағына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді – Жамбыл облыстық мәслихатының 26.03.2015 № 35-11 шешімімен (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған Тараз қаласында иттер мен мысықтарды күтіп -ұстау Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың аймақты әкімшілік аумақтық құрылымды ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері және жер участкесін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау туралы тұрақты комиссияға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

М. Сарсенов

Б. Қарашолақов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау және  
Қадағалау комитетінің Жамбыл  
Облыстық аумақтық инспекциясы"  
Мемлекеттік мекемесінің басшысының  
міндетін атқарушы  
Ж.М. Қоекеев

20 желтоқсан 2013 жыл

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы  
Қ. Қазанғапов

20 желтоқсан 2013 жыл

Жамбыл облыстық мәслихатының  
2013 жылғы 18 желтоқсандағы  
№ 20-8 шешімімен бекітілген

## **Тараз қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тараз қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) иттер мен мысықтарды ұстаудың тәртібін анықтайды.

2. Қағидалар меншік түріне қарамастан иттер мен мысықтарды ұстайтын барлық жеке және заңды тұлғаларға тарайды.

3. Осы Қағидалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

### **2. Иттерді және мысықтарды ұстау тәртібі**

4. Иттер және мысықтар жеке ветеринарлық төлқұжатын беру жолымен сәйкестендіріледі.

5. Иттер мен мысықтарды беру, сату, сатып алу, сонымен қатар қала, облыс және республикадан тысқары, шығару, кіргізу, олардың "құтыруға қарсы егілген"

белгісі бар ветеринариялық төлқұжаты болған жағдайда рұқсат етіледі.

6. Келесілерге жол берілмейді:

1) балалар алаңқайларында, көпқабатты тұрғын үйлер аулаларында, спорт алаңқайларында, мектепке дейінгі және оқу орындарының, емдеу-алдын алу және медициналық мекемелерінің аумақтарында, қоғамдық шараларды өткізетін орындарда, адамдарды құтқару жөніндегі жұмысты орындаушы, сондай-ақ қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті күзетуші қызметтік иттерден және жанары әлсіз адамдарды ертіп жүретін иттерден басқа иттер мен мысықтарды серуендетуге;

2) иттерді тұмылдырықсыз және ұзын шылбырмен серуендетуге;

3) мас күйіндегі тұлғалар мен 16 жасқа толмаған балаларға иттерді серуендетуге;

4) адамдардың шомылуына арналған орындарда, су бұрқақтарда су айдындарында және су алу орындарында иттер мен мысықтарды шомылдыруға және жуындыруға;

5) тұрғын үй қоры пәтерлерінде және жеке тұрғын үйлерде қандай да болмасын иттер мен мысықтардың түрлері үшін паналаулар мен тәлімбақтар ұйымдастыруға;

6) тіркелмеген (есепке алынбаған) және егуден өтпеген иттер мен мысықтарды ұстауға;

7) иттер мен мысықтарды олардың терісін және етін тұтыну, өңдеу және өткізу үшін пайдалану мақсатында өсіруге және аулауға;

8) Тараз қаласының аумағында иттерді таластыру және басқада жануарларға қатысты қатыгез іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге, (жануарларға зақым келтірмейтін және күзетші иттерді өсіру үшін дұрыс тұқымдық сұрыптау жүргізуге мүмкіндік беретін, арнайы ережелермен иттердің жұмыс сапаларын тексеруді қоспағанда).

9) иттерді және мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланатын орындарында және жатақханаларында ұстауға.

7. Иттің иелері қыдырту кезінде өз итінің нәжістерін жинауды қамтамасыз етеді.

8. Адамдарды немесе жануарларды тістеген иттер және мысықтар тез арада оқшаулау және бақылау үшін жақын маңдағы ветеринариялық емдеу мекемесіне жеткізіледі.

9. Иттерді және мысықтарды ұстау ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормативтерге, сондай-ақ олардың биологиялық қажеттіліктеріне сәйкес және ізгілікті қарауда жүзеге асырылады. Ит пен мысықтарды ұстаған жағдайда оларға зарарсыздандыру жасау ұсынылады . Иттер мен мысықтарды зарарсыздандыру жануар иесінің есебінен

ветеринарлық клиникаларда жүзеге асырылады.

10. Санитарлық-гигиеналық, зоогигиеналық талаптар мен осы Қағидалардың шарттарын сақтаған жағдайда:

1) көппәтерлі тұрғын үйдегі бір отбасы пәтерінде сол подъездегі көршілерінің жазбаша рұқсатымен үш айға дейінгі ұрпақтарын қоса алғанда бір ит және екі мысықты ұстауға. (Жасы үш айдан асқан күшіктер мен мысықтар жаңа иелеріне немесе қаңғыбас жануарларды аулау және ұстаумен шұғылданатын арнайы мекемеге беруілуі тиіс. Күшіктер мен мысықтарды жаңа иелеріне беру жануардың ветеринариялық төлқұжатын берумен жүзеге асырылады.);

2) бірнеше жанұялар тұратын тұрғын жайда (коммуналдық пәтер, жатақхана), сол пәтердегі барлық тұрғындардың жазбаша келісімімен көршілердің медициналық кері көрсеткіштері (аллергия) болмаса бір ит пен бір мысықты тек өзі тұратын тұрғын жайда ұстауға рұқсат беріледі.

11. Осы Қағидаларды сақтау үшін өкілетті органдарға жәрдемдесу мақсатында пәтер иелері кооперативтеріне, тұрғын үй кооперативтеріне, жеке жайлар иелері кооперативтеріне, кондоминиумдарға:

1) жертөлелерге, шатырларға және басқа да қосалқы үй-жайларға кіреберістерді, онда иттер мен мысықтардың кіріп кетуіне жол бермейтіндей жабық күйінде ұстау;

2) жануарларды аулаумен айналысатын ұйымдарға өзінің аумағында қаңғыбас иттер мен мысықтардың бары туралы хабарлау;

3) өз қарамағындағы үйлерде пәтер иелері ұстайтын жануарлардың саны туралы мәліметтерді жинау және оларды тіркеуді жүзеге асыру үшін өкілетті органдарға (тіркеу органдарына) беру;

4) пәтер иелері кооперативіне, тұрғын үй кооперативіне, жеке жайлар иелері кооперативіне, кондоминиумдарға бекітілген аумақтарда немесе шағын ауданның (орамның) аумағында құрылыстан бос және кооперативтерге іргелес жерлерде, қаланың жергілікті атқару органына енгізілетін, белгіленген әріппен бекіту үшін, тақтайша, белгі орната отырып иттерді серуендететін орындарды анықтау ұсынылады.

### **3. Иттер мен мысықтарды аулау**

12. Қоғамдық орындарда еріп жүрген тұлғаларсыз болған иттер мен мысықтар (көшелерде, аула аумақтарында, саябақтарда, скверлерде және басқа орындарда), иесі кәсіпорындар мен мекемелерде байлап кеткендерден басқалары қаңғыбас деп есептеледі және міндетті түрде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулайтын және өлген жануарлардың өліктерін жинайтын арнайы мекеменің аулауына жатады.

Қаңғыбас жүрген иттер мен мысықтарды аулаушылар мен арнайы көлік жүргізушісі жануарларды аулау және тасымалдау кезінде ізгілікті сақтаулары тиіс.

Қараусыз жүрген иттер мен мысықтарды аулауды қарапайым немесе пәрменді қашықтықтық химиялық иммобилизация тәсілдерімен, жергілікті атқарушы органмен аулаудың тәртібі мен жағдайы регламенттелген шарт жасасқан, мамандандырылған ұйым жүзеге асырады. Қараусыз жүрген иттер мен мысықтарды аулайтын жұмыскерлердің қызметін техникалық жабдықтау аулауды жүзеге асыратын ұйымға жүктеледі.

Ауланған қаңғыбас иттер мен мысықтар иелеріне беріледі немесе дәрі қолдану жолымен жансыздандырылады (ұйықтатылады).

#### **4. Қорытынды ережелер**

13. Осы Қағидаларды бұзған жеке және заңды тұлғалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексімен белгіленген жауапкершілікке тартылады.